

ZAMAN



ҚАЗАҚСТАН

Елааралық
еркін газет

Ел
үмітін
арқалап

Был - Эуэзоб жылы

Зәки АХМЕТОВ,
Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Фылым

Тұтыңғылым
Ының академигі

Академиясының академигі
Жаңа жыл туралы ойласақ
жылдың салыну жайғасынан бастырыла.

Жаңа жыл туралы ойласақ (кай жыл санау жүйесі бойынша ал-сақта), 1997 жылды Мұхтар Әуезов жылы деп, ауыз толтырып айта ала-мыз. Ұлы суреткер, ғұламағалым, қажырлы қоғам қайраткері, өнегелі үстаз Мұхтар Әуезов туған халқының мактандышы, сонымен қатар бүкіл әлемге өзін де, ұлы Абайды да, қазақ елін де әйгілеген ерен жүйрік, теңдесі жоқ енер иесі. Сондайтанды Әуезов жылы деген сез көңілге жылдылық, мактандыш сезім үлатады. Бірақ, бұл жылдың жауапкершілігі одан да зор. Мұхтар Әуезов туралы жаңаша, бүгінгі заман, бүгінгі ой-сана, көзқарас түрғысынан айтыладыны сез биыл айтылуы керек. Енді, еріңде ойланған тұрамыз деуге үақыт қалған



Мұхтар Әуезов дүниежүзінен шығармалары арқылы танылды. Бұрынғы Одақтас республика-лар көлемінде, барлық түрік жүртінда, шығыс пен батыс елдерінде, дүниежүзінде Мұхтар Әуе-зов туралы жазған, пікір айтқан жоғары бағала-ған әдебиет мен мәдениет қайраткерлері аз-емес. Олардың аттары көшпілікке мәлім. Сон-дықтан бұл жерде тізбекten жаттай, Шыңғыс Айтматовтың соңғы кезде айтқан бір пікірін сөзбе-сөз емес, еркіндеу келтірсек, ол әлем әдебиеті дегеннің деңгейі өте жоғары, оған кірем дегенмен, құр алақан барсаң, қабылда-майды, соган татырық дүниен болу керек деді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» әлем әдебиетінің 200 тілінен тұратын таңдаулы шығармаларының сериясына енгізілді. Сейтіп, қазақтың улы жазу-шысы есімдері барша жүртқа белгілі Бальзак, Флобер, Томас Манн, Тагор, Л.Толстой, Досто-евский, Фолкнер, Хемингуэй, Горький, Шолохов секілді дүниежүзі әдебиетіне баға жетпес үлес косқан адамзаттық акыл-ой алыптарының қата-рынан орын алды. Әуезов - XX ғасырдың феномені - сирек тұатын қайталанбас тұлға екенін жер жүзі мойындалды.

Мұхтар Әуезов шығармашылығының дүниежүзілік мәні, еріне, ең алдымен қазак қоғамының өмірін, туған халқының тұтас тағдырын, болмысын, тұрмыс-салтын, психологиясын, ой-өрісін, сезім байлығын асқан көркемдік шеберлікпен бейнелеп, халықтың рухын, тубегейлі мұдделерін, арман-мұрраттарын ашып көрсеткінен танылады. Әзінің табиғат берген айрықша дарындылығы, даналығы, сезімталдығы арқасында ол халықтың мұн-мұқтажын жақсы түсіне алды, тебірене сезінді. Сондықтан оның шығармашылығы ұлықтың өмірімен, тарихымен, дәстүрлі бай сөз өнерімен тәрепене тамырласып жатыр.

Әуезов жас көзінен халықтың санасын оятуда вәздеріне зор қоғамдық мақсат тұтқан Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтурсынов секілді алаштың көсемдерімен жанасып, жақындастып, абзал ағалар ішкен бұлақтан тұнық, таза су ішкендей, со-лардың озық ойларына ортақтас болды. Сондықтан ауымалар-төкпелі кезеңдерде, қын-қысталан-жағдайларда, тоталитарлық дәуірді қанша қыспағына туsse де, мойымай, шындағы түсіп, ба-тыл күрескер болып қалыптасты. Халықтың жо-ғын жоқтай жүріп, Мұхтар Әуезов алысты қөзделеп көп ойлап, үлттық асыл қасиеттерді жалпы адамзаттық құндылықтармен үштастыра қарайтын дәрежеге көтерілді. Осының бері Әуезов шығармаларының танымдық, тағымдық маңызын арттырып, оларды шет жерлерге насиҳаттауға тірек болды. Бұған белгілі жазушылар сынышылар, ғалымдар тараұлынан айтыған пікір пайымдаулар, зерттеу еңбектер де себін тигізді. Мәлшермен айтсақ, Мұхтар Әуезов шығармашылығы туралы жазылған жүзге тарта көлемді кітаптар, зерттеулер, диссертациялар мен монографиялар, мыңға тарта мақалалар бар екен. Бұл аз дүние емес, олар кезінде Мұхтар Әуезовті бағалау үшін қажетті еңбектер болғаны анық. Басты, маңызды мәселе - қоғамдық сана-мыз есken сайын, тарихи-өлеуметтік тәжірибелі толыса түскен сайын асылмызды бағалай білу қабілетіміз де жетіле беретіні анық.

Әрине, кен, толық мағынасында Мұхтар Әуезовтің алып тұлғасы туралы жан-жакты, концептуалды, түйінді-тұтас пікір корыту - өлі де алдағы міндет. Және бұл - дөл осы быылғы жылы көптеген жазушы, зерттеушілер, қоғам қайраткерлері, оқырман қауымның ат салсызымен айқындала түстеп проблемалар. Терендегі ойланып толғану, арнағы зерттеулер жазу негізінде атқарылуы міндет. Өйткени, Әуезовті тануға енді тарихымызды жаңаша байыптау, қоғамдық ой-санамыздың өсу жолдарын жаңаша түсіну арқылы, талғампаз суреткердің ең басты туындысының басты геройы Абайды жаңаша танып-білу арқылы, Абайға ізбасар болған жөн Мұқаның ізімен араласқан, оған пікірлес болып тікелей жол сілтеген әдебиет пен мәдениетіміздің XX ғасырдың бас кезіндегі алып тұлғаларын толық біліп-түсіну, бағалау арқылы бара аламыз. Шынында да Әуезовті тану кемелемде алғанда тарихымызды тану, елдігімізді

енгер

егемендігімізді тану, бағалаумен жалғастырыла қарастырганда толық мағыналы болатыны талас тудырмайды, сез жок, Мұхтар Әуезов те бір орында тұрып қалатын тұлға емес. Оның нағызы кемеліне келген шағында шарықтап шықкан биігі уақыт озған сайын биіктей береді. Тым алысты болжаяуға үмтүлмай-ақ мәселеғе бүгінгі түрғыдан карасак, Әуезовке жаңадан баар жолды табу, дағдылы сурлеумен журмей, басқа бір жағынан келу, езге қырынан көрү мүмкіндігін іздестіриру. Онсыз Мұхтар Әуезовтің әңгімелікінде жасалса, толымды бола ала ма?

Айтылып жүрген Әуезов шығармаларының 50 томдық толық жинағының ғылыми біртұтас концептуацияға негізделген құрылыш-жобасы алдын ала айқындалmasa, бұрынғы басылымдарды пайдаланып, шетінен алғып, бір-бірлеп шығара беру утымды бола ма? Жазушы шығармашылығына біртұтас концептуалды жаңаша көзқарас қалыптастыру бір жыл қолемінде толық жүзеге асусы мүмкін емес десек, қалайда осы жылы - Әуезов жайында атқарылатын істер, айтылатын ойлар, жарық көретін зерттеулер, мақалалар Әуезовтанудағы жаңа белес, бетбұрыс болу керек екені анық кой.

Әуезовтандың шеңбер-шегі бүгінде қаншалық кең екенін, талқыға салатын, пікір таластыра отырып айқындаі түстетін теориялық мәселелер аз емес екенін бір-екі мысалмен ғана аңғартуга болады. Біздер «Абай жолын» кезінде роман-эпопея деп анықтап алдық та, соны өлі қанағат етіп келеміз. Осы роман-эпопея дегендің жанрлық сипат-белгілері қандай деген мәселе төңірегінде соңғы ширек ғасырдан аса уақыт ішінде тек орыс тілінде ғана ондаған еңбектер жазылды. Ал, роман жанры туралы айтсақ, орыс және европа зерттеушілері романның жүзге тарта жанрлық түрлерін ажыратып, бөліп, саралап, әрқайсысина вәзінше ат қойып, айдар тағып дегендей әр түрлі пікірлер қозғап жүр. Айталық, роман-эпопея, тарихи роман, алеуметтік, психологиялық роман, әмірбаяндық роман, философиялық роман, т.б. Мәселе, «Абай жолын» осының біреуіне, не бірнешеінің сипаттың танытатын синкретикалық роман түріне апарып жатқыза салуда емес, жанрлық құрлысын әр қырынан алып байыптап талдап, байсалды түрде тексеруде. Ал, Мұхтар Әуезовтің сүреткерлік шеберлігі, көркемдік көрегендікті ойшылдықпен үштастыру, олісі жағашын шигармашылығынан қаралтық

Әдіс, жазушы шығармашылығының халықтық негіздері, бастау көздері - булар елі терендең зерттеуге сұранып түр емес пе? Жазушының шығармашылығын тұтас алып қарастыруға мүмкіндік берётін соңғы кезде кең мағынасында қалыптасқан көркемдік стиль категориясы (ұғымы) да зәруілігі айқын проблема. Осындағ мәселелер әр түрлі ортада,ғылыми конференция, симпозиум, семинарларда, әсіреле, жас мамандардың белсенді турде қатысуымен талқыланып жататын кез - осы жылғы Әуезов жылы. «Асыл тастан шығады» дегендей, соны пікір, жалынды сезім, өткір, зерделі, зерек ойлар, әрине, талантты, дарынды жастардан шығары сезсіз. Әрине, көргені, түйгені мен жиганы мол жасамыстар, өнер жарысына, пікір таласына қатынасып, Мұхтар Әуезовтің мұрасын зерттеп, наси-хаттауға күш-жігерін салатын алдымен солар болады деп сенеміз.

Әрине, көргені, түйгөні мен жиғаны мол жаса-
мыстар, алдыңғы буын, және әнегелі, ойы озық
орта буын өкілдері де намысты жібермес деп
деп ойлаймыз. «Той дегенде ку бас домалайды»
деген бабаларымыз мерекеде, той-томалакта
бір тойының калуды көздемеген фой. Мереке
елдің мерейін арттыратынын, көңілін өсіріп,
әнерлі елдің әнерпаздарына шабыт беретінін
мензеген

Нақтылы мәдени шараларға біз тоқталған жок-
пзы. Ондай бағдарламалар бар екенінен хабар-
дармыз. Олар жайында тиісті мамандар, қайрат-
керлер нақтылы түрде айта жатар. Біз тек Әуе-
зов жылына қарасты бір-екі мәселені қозғадық.
Иә, жыл деген де жылжымалы, бірақ созылмалы
емес, шектеулі мерзім. Сондықтан жылдың ба-
сынан бастап әр айдың, аптаның өзі мерекеге
арналған енімді істерге, әнерлі көріністерге толы
болса дейміз. Біз қазір елдің бүгінгісі мен
ертеңгісі, халықтың тағдыры, мұддесі, бүгінгі ты-
ғырықтан шығу жолдары туралы айтқанда алды-
мен, көбірек кен байлығынызды, жер асты қазы-
намыздың шексіз мол екенін айтсыз, соны
көнілге медеу етерміз, соларды іске жаратсак,
келесі үрпақта жетерлік нәсібе табылады деп
үміттепеміз. Егеменді еліміздің дүниежүзіндегі
алатын орнын да солармен салмақтап отырмыз.
Ал, рухани қазынамыз, ақыл-парасат, ой-саналы-
жағынан тапқанымыз, жиганымыз қашшалықты
құнды, соны әлем елдері алдында насиҳаттап
көрсету де ауадай. Қажет десек, Әуезов жылы
осындей үлкен мақсатқа ел болып жұмылуы-
мызға тағы да мүмкіндік туғызып отыр. Өлшеулі
уақытты бағалаң, сол мүмкіндікті толық пайдада-
ланғанымыз абыз.